

Зерттеудің көкейкестілігі

Неге дәл осы мәселе, дәл осы кезеңде зерттеледі деген сұраққа жауап береді. Изерттеудің проблемасы бұрын зерттелмеген қандай мәселені қарастыруы керек деген сұрақ төңірегінде дамиды. Зерттеу көкейкестілігін негіздеудің мәні – оқу мен тәрбиенің теориясы және практикасын бұдан былай дамыту үшін белгілі бір түйіткілдердің бар екендігін, оның дер кезінде зерттеліп, шешімін табудың маңыздылығын түсіндіру.

Зерттеудің тақырыбы

- Зерттеушінің айналысатын ісінің қандай болатындығы анықталып, зерттеу тақырыбы шешімі қалтқысыз табылуы қажет, өте күрделі де қоғамдық маңызға ие болған мәселелермен ұштасқан әлеуметтік тапсырыс нақты тақырыптың негіздеме дәйегін талап етеді. Ал бұл өз кезегінде қойылған мәселенің ғылым аймағында зерттелу дәрежесінен туындайды.

Зерттеудің пәні

- Осы іздену жұмысында зерттеу нысанының қандай жаңа қасиеттер, астарлары, сапалары, қызметтері ашылып жетілдірілетін болады деген сұраққа жауап береді. Зерттеу пәні нысананың бөлшегі, бір тарапты, яғни бұл түбегейлі зерттеуді қажет еткен нысананың теориялық не практикалық тұрғыдан өте маңызды сапа-қасиеттері, қырлары мен сырлары.

Зерттеудің ғылыми болжамы

- Басқа зерттеулер әлі аңғармаған нысандағы дәлелдерді қажет ететін педагогикалық ақиқат. Болжам жетекші идеямен бірге туындап, ізденіс барысында дамып отырады. Зерттеудің ғылыми болжамы “Егер, онда, өйткені” деген үш тірек сөз арқылы құрылып, бір нәрсені өзгерткенде, жетілдірілгенде оның тиімділігі артады, ол үшін белгілі шарттар орындалуы қажеттігі тұжырымдалады.

Болжамды тұжырымдағанда қателіктер болмау үшін, мынадай жолдарды ұстанған дұрыс

- Болжам зерттеу пәніне сәйкес айқын сауатты тілде тұжырымдалуы тиіс.
- Болжам алдыңғы білімдерді әлде дәлелдеуді тиіс, болмаса толық дербестік жағдайында содан шығуы керек, ең болмағанда оларға қайшы келмеуі тиіс
- Болжам басқа болжамды қорғау қызметінде жүзеге асуы мүмкін.
- Ұсынылған жорамалдарда шынайылық анық болмайтындай етіп болжам тұжырымдалуы тиіс

Зерттеудің мақсаты

- Зерттеудің нәтижесінде қандай жетістіктерге қол жеткіземіз деген сұраққа жауап береді. Мақсат ол әрекет бағытына жетудегі нәтиженің санадағы орындалуы.

Зерттеудің міндеттері

- Зерттеу жұмысының мақсаты жүзеге асу үшін не жасалуы керек деген сұраққа жауап береді.

В.И. Загвязинский бойынша педагогикалық зерттеулерде үш бағыттағы міндеттер орындалады

- Тарихи-диагностикалық міндеттер – олар мәселенің тарихи және қазіргі жағдайымен байланысты болып келеді.
- Теориялық-модельдеуші міндеттер. Зерттеу нысанының жаңартылған, тиімді теориялық нобайын жасау міндеті қойылып, ұсынылады.